Тобы	Орта топқа арналған перспективалық жоспар									
Оқу жылының аптасы	Сәуір 2023-2024 ж									
Білім салалары (оқу қызметінің түрі) және апта жүктемесі	**Денсаулық**	*3*	**Қатынас**	*2*	**Таным**	*2,5*	**Шығармашылық**	*3*	**Әлеумет**	*0,5*
	Дене шынықтыру	3	Сөйлеуді дамыту	1	Математика негіздері	1	Сурет салу	1	Қоршаған ортамен танысу	0,5
			Көркем әдебиет	0,5	Құрастыру	0,5	Мүсіндеу	0,25		
			Орыс тілі	0,5	Жаратылыстану	1	Жапсыру	0,25		
							Музыка	1,5		
							Вариативті компонент/Шығармашылық	*0,5*	*Вариативті компонент/Әлеумет*	*0,5*
Ғарышқа саяхат/Путешествие в космос/Cosmic (1-апта)										
Мақсаты: балаларға ғарыш туралы білім беру; ұшақтың, зымыранның жылдам ұшатынын байқату; аспандағы жұлдыздардың жарқырағанына қызығушылықтар тудыру.										
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Ғажайып ғарыш" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүріп қабілетін қалыптастыру; жіптен екі аяқпен секіруге үйрету; орындықтың үстімен тізені жоғары көтеріп жүруге үйрету; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру.	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: "Жиһаздар дүкені" дидактикалық ойыны Мақсаты: балаларды жиһаздарды сипаттау тәртібімен таныстыру, жиһаздардың қасиеттері мен қолданылуы туралы мәліметтер беру. Балалардың заттарды жалпыға ортақ белгі бойынша бір топтамаға біріктіру біліктерін жетілдіру, танымдық қызығушылықтарын, тілін, ақыл-ойын, есте сақтау қабілетін дамыту. Ересектен топтастарымен ерін эмоционалдық және сездік қатынасқа түсуге деген ұмтылысты қалыптастыру, ұқыптылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	**Математика негіздері** Тақырыбы: "Ғарышкерлердің жаттығулары" Мақсаты: балалардың дыбыс, қимыл саны туралы түсініктерін қалыптастыру, "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең", "саны біреу", "саны көп" ұғымдарын түсінуін жетілдіру; ғарышкер мамандығы туралы мағлұмат беру. Балаларды қимылдардың және дыбыстардың санын заттардың санына сәйкестендіруге үйрету; дыбыстардың саны қанша болса, сонша затты қатарға салу (қою), заттардың саны қанша болса, сонша қимыл жасау ісәрекетін қалыптастыру.	**Сурет салу** Тақырыбы: "Зымыран" Мақсаты: балаларды тіке жатқан қағаз бетіне зымыран суретін салуға үйрету; қағаз ортасына үлкен сопақша пішінін, бір нүктеден бастап, қарындашты қағаз бетінен алмай, сопақша ізімен жүргізіп, бастапқы нүктеге жеткізу амалын қайталау; зымыран бейнесін, дөңгелек терезе, сопақша пішінді жанармай бактарымен толықтырып, тұтас тануға үйрету; көліктердің түрлері туралы білімдерін қалыптастыру.	**Қоршаған ортамен танысу** Тақырыбы: "Ұшақ" Мақсаты: балаларды әуе көлігі ұшақпен таныстыра отырып, ұшақтың маңызы туралы мәліметті зейін қойып, бар ықыластарымен тыңдай білуге үйрету; ұшақтың адамдар өміріндегі мәнін түсіндіру және ұшақтың құрылысымен таныстыру; ұшақ туралы сөздерді балалардың өздеріне қайталай білуге дағдыландыру; ғарыш туралы түсінік беру.
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Айтшы, ғарыш алыс па?" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүріп қабілетін қалыптастыра отырып, жіптен екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; орындықтың үстімен тізені жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру.	-	**Құрастыру** Тақырыбы: "Зымыран" Мақсаты: балаларды текшелер мен призмалар арқылы зымыранды құрастыруға үйрету; текшелерді бірінің үстіне бірін қойып, баганды қалап, призмаларды баган үстіне қойып, жақтарын тіреу амалдарына машықтандыру; алшақта орналасқан қоршаған ортаны тануға талпындыру. Балалардың құрылыс материалдары қасиеттерін қабылдауы мен кеңістікте бағдарлау мүмкіндіктерін арттыру.	**Музыка** Тақырыбы: "Аспан әлемі" Мақсаты: балалардың жаңа өнді тыңдауға деген қызығушылығын арттыру; өннің мазмұнын өуен арқылы эмоциямен қабылдай білуге үйрету; музыкалық жетекшімен бірге өуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканы тыңдау дағдысын меңгерту; музыканың көңілді, ойнақы сипатын ажырата білуге және алақандарымен балу немесе ырғақты ұрып, өуен сүйемелдеуімен жұбымен жүре отырып, көңілді билеуге үйрету.	-

Scanned with CamScanner

	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Ғарыш деген ғажайып" Мақсаты: балаларды жіптен екі аяқпен секіру дағдыларын дамыту; орындықтың үстімен тізені жоғары көтеріп жүру дағдыларын жетілдіру; салтан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау.	-	**Жаратылыстану** Тақырыбы: "Ұшақ ойыншығымен танысу" Мақсаты: балаларға әуе көлігі ұшақ туралы түсінік бере отырып, оның жалпы әуе көлігі екені жөнінде білімдерін кеңейту; ұшақты басқа әуе көліктерінен ажыратып, олардың атау дағдыларын жетілдіру; ұшаққа қызығушылықтарын қалыптастыру; ұшақтың негізгі бөліктерін атауға жаттықтыру; ғарыш туралы ұғым беру. Балалардың ұшақтың сездік қорын ұшақтың ерекшеліктері мен бөлшектерінің атаулары арқылы молайту және тілін жетілдіру.	**Музыка** Тақырыбы: "Ғарыш әлемі" Мақсаты: балалардың жаңа әнді тыңдауда әннің мазмұнын әуен арқылы эмоциямен қабылдай білу қабілетін дамыту; топпен бірге әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беруге дағдыландыру; музыканың кеңілді, ойнақы сипатымен ырғақты қозғалысты өзгертіп, шапшаңдық пен ептілік танытуға үйрету; балаларды музыкалық аспаптарда ойнай білу қабілетіне баулу.	-
Вариативті компонент	-	-	-	**Вариативті компонент/Шығармашылық** Тақырыбы: "Ғарыш аспаны әдемі. Ұшымдық жұмыс" Мақсаты: балаларға ғарыш туралы жалпы мағлұматтар беру, ғарыштағы денелер мен бейнелердің сыртқы келбеттерінің айырмашылықтарын түсіндіру. Ермексазбен белгілі мүсіндеу тәсілдерін қолданып, ғарыштағы бейнелер мен денелерді жазықтың бетіне орналастыру техникаларын жетілдіру; қолдың ұсақ моторикасын, ой-қиял, түйсік, танымдық қызығушылықтарын дамыту. Балалардың байқағыштық пен іздеңімпаздық негіздерін қалыптастыру, ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.	-

	Жер-Ана! / Родная земля / Homeland (2-апта)				
	Мақсаты: балаларды әр түрлі толықтай түрлерімен таныстыру; табиғатты, жерді құрметтеуге тәрбиелеу.				
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Жер-ана құшағында" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; қапшаны басына қойып, тіке жүруге үйрету; жіптен жанымен аттап секіруге үйрету; салтан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; қапшаны басына қойып, тіке жүруге үйрету.	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: "Мысық тақпағын жаттау" Мақсаты: балаларды мысық туралы тақпақпен таныстыру, көркем сөзді жатқа айтуға үйрету, үй жануарларының дене ерекшеліктері мен тіршілік ерекшеліктері жөнінде білімдерін жетілдіру. Балалардың тақпақ жолдарын жатқа айту қабілеттерін жетілдіру, ақыл-ойын, есту, есте сақтау қабілеттерін, жағымды эмоцияларды дамыту. Балалардың үй жануарларына деген сүйіспеншілігін тәрбиелеу, көркем сөзге қызығушылықтарын арттыру.	**Математика негіздері** Тақырыбы: "Төлдерді күтейік" Мақсаты: балалардың "саны қанша, сонша", "бірдей", "саны тең", "саны біреу", "саны көп" ұғымдарын түсінуін, заттардың биіктігі жөніндегі түсініктерін жетілдіру; үй жануарларының көтемгі тіршілігі туралы білімін жалғылау. Балалардың екі тең емес заттар тобын саны бойынша салыстыру және теңдестіру дағдыларын жетілдіру; саны өзара тең, аз немесе көп, биіктігі әртүрлі және бірдей заттарды салыстыру нәтижесін тұстастыру, беттестіру арқылы тексеру, салыстырудағы өзгерістерді сөзбен сүйемелдеу іскерлігін тиянақтау.	**Сурет салу** Тақырыбы: "Құрақ көрпе" Мақсаты: балалардың ұжым ортасында түрлі үшбұрыштардан құрылған құрақ көрпе бейнесін фломастермен салу амалдарына үйрету; үлкен көрпе құрамындағы үшбұрыштар сұлбасы ізімен басып жүріп, үшбұрыш іші қалаған ою түрлерімен безендіруде жаттықтыру; қазақтың тұрмыста қажет жабдығының бірі құрақ көрпемен таныстыру. Фломастерді үш саусақпен ұстап, жүргізген ізден көз алмай, үшбұрыш пішінін салу техникасын қалыптастыру; деңгелектер, иүктелер, түзу және толқынды, үзік және тұтас сызықтар салу техникасын жетілдіру.	-

Scanned with CamScanner

	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Жер-Ананы қадірлейік!" Мақсаты: балаларды қапшаны басына қойып, тіке жүру дағдыларын дамыту; жіптен жанымен аттап секіру іскерліктерін жетілдіре отырып, салтан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау. Балаларды салта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүріп қабілетін дамыту; жіптен жанымен аттап секіруге жаттықтыру.	**Көркем әдебиет** Тақырыбы: "Бір үзім нан" Мақсаты: балаларды "Бір үзім нан" ертегісінің мазмұнымен таныстыра отырып, ертегі желісін зейін қойып, бар мұқиястарымен тыңдай білуге үйрету; шығарма мазмұнындағы сөздердің мағынасын түсіндіру; шағын ертегі кейіпкерлерінің сөздерін балалардың өздеріне қимылмен қайталауға дағдыландыру; Жер – Ана туралы түсінік беру. Ертегі желісі арқылы балалардың ойлауы мен тілін, есте сақтау қабілеті мен шығармашылығын дамыту.	**Жаратылыстану** Тақырыбы: "Көктемгі табиғат" Мақсаты: балаларға көктем мезгілі туралы түсінік бере отырып, көктемгі табиғатқа тән ерекшеліктермен таныстыру; көктемгі табиғаттың сұлулығын эстетикалық тұрғыдан қабылдай білу қабілетін қалыптастыру; көктем құбылыстарын ажырата білу байқампаздығына үйрету; Жер-Ана туралы ұғым беру. Балалардың сөздік қорын көктемгі табиғаттың ерекшеліктері мен құбылыстары арқылы молайту және тілін жетілдіру; көктем құбылыстарын ажырату, оларды атау кезінде есте сақтауы мен ойлау қабілетін, зейні мен қызығушылықтарын дамыту.	**Музыка** Тақырыбы: "Туған ел" Мақсаты: балаларды әнді тыңдау кезінде оның сездің мағынасын түсіну және музыкалық фрагментті басынан аяғына дейін мұқият тыңдай білуге үйрету; жоғары және төменгі дыбыстарды ажыратып, ән айту дағдыларын қалыптастыру; музыкалық сүйемелдеусіз ре-ля бірінші октавасының диапазонында ән салуға үйрету; ырғақты қимылдарды музыкамен бірге бастап, соңғы дыбыста бірге аяқтай білуге үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.	-
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Туған жер-тұғырың" Мақсаты: балаларды қапшаны басына қойып, тіке жүру дағдыларын дамыту; жіптен жанымен аттап секіру іскерліктерін жетілдіре отырып, салтан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау. Балаларды салта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүріп қабілетін дамыту; жіптен жанымен аттап секіруге жаттықтыру; оқу қызметін пысықтау.	**Орыс тілі** Тақырыбы: "Кто пасется на лугу". Домашние животные и птицы Мақсаты: учить запоминать названия домашних животных и птиц, внимательно слушать потешку на русском языке («Да на уточке»), понимать содержание потешки, проговаривать наизусть вслед за образцом педагога, учить правильно артикулировать звукоподражательные слова, применять их в ответах на вопросы; учить определять исходные слова, опираясь на их уменьшительно-ласкательные формы. Развивать слуховое восприятие сочетаний слов и звуков, часто повторяемых в содержании потешки, диалогов; развивать монологическую речь, воображение, умение проявлять положительные эмоции.	-	**Мүсіндеу** Тақырыбы: "Шарбақ жанында жатқан доп" Мақсаты: балаларда ауылдағы адамдардың тіршілік ерекшеліктері жөнінде ұғымдар қалыптастыру, шарбақ туралы түсініктерді тиянақтау, үй жануарлары туралы білімдерді жетілдіру. Ермексазды бірнеше рет екі тең бөлікке бөлін, таяқшаларды есіп, шарбақша құрастырып, мүсіндеу амалдарын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. Балаларды адам еңбегін қастерлеуге үйрету; жасалған мүсінге қуанып, еңбек нәтижесін бағалауға тәрбиелеу.	-
Вариативті компонент	-	-	-	-	**Вариативті компонент/Влеумет** Тақырыбы: "Жанармай құю стансасы" ойыны Мақсаты: балаларға жанармай құятын орынның қызметі туралы мағлұмат беру, автомай, жанармай құйғыш қызметімен жалпы түрде таныстыру, жол жүру ережелерін пысықтау. Балалардың "Жанармай құю" ойынында ересек арқылы қарапайым қатынастарды атқару үлгілерін игерту, ойын шартын ұстану дағдыларын қалыптастыру, кеңістікті бағдарлау, ой-қиял қабілетін дамыту. Балаларды әдептілікке, еңбекті құрметтеу негіздеріне тәрбиелеу.
Көктемгі ағаштар/Весенние деревья/Spring trees (3-апта)					

Scanned with CamScanner

Мақсаты: балалардың табиғаттағы көктемгі өзгерістер туралы білімдерін кеңейту және байыту; табиғаттағы қарапайым себеп-салдарлық қатынастарды орнатуға үйрету. Ағаштардың, құстардың аттарын бекіту.					
Оқу қызметінің [illegible] тақырыбы, [illegible] ты.	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Талшыбық" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; бір жағы 20-30 см биік еңіс тақтайдың үстімен жүруге жаттықтыру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіруге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; бір жағы [illegible]	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: "Жер мен су өңімесін оқып беру" Мақсаты: балаларға судың көктем мезгіліндегі жер мен ағаштарға тигізетін пайдасын өңімелеу, көктемгі құбылыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру, диалогтар үлгілерін қалыптастыру. Балалардың сұрақтарға қарапайым жауап қайтару техникасын жетілдіру, жыл мезгіліне деген танымдық қызығушылықтарын, ой-өрісін, түйсігін дамыту. Көктем мезгілінде, табиғат аясында болып жатқан өзгерістерге деген қызығушылық ояту, байқағыштыққа, [illegible]	**Математика негіздері** Тақырыбы: "Өртүрлі ағықтар" Мақсаты: балалардың "оң жақ", "сол жақ", "жоғары", "төмен", "ортасы" ұғымдарын түсінуін тиянақтау, заттардың ұзындығы жөніндегі түсініктерін жетілдіру; адамның көктемгі жұмыстарын, мезгіл құбылыстарын қайталау. Балалардың ұзындығы әртүрлі және бірдей заттарды тұстастырып, беттестіріп салыстыру дағдыларын жетілдіру, салыстырудағы нәтижені сөзбен сүйемелдеу іскерлігін тиянақтау.	**Сурет салу** Тақырыбы: "Гүлденген баубақша" Мақсаты: балаларды көлденең жатқан қағаз бетіне, төменгі түзу сызыққа қарындашпен бірнеше ағашты қатарға салуға үйрету; ағаш бұталары бойына мақта таяқшаларымен нүктелі жақпалар қойып, жаңа апып жатқан бүршіктерді салу амалына жаттықтыру; табиғаттың көктем мезгілінде гүлдеп, күлпырғаны туралы түсініктер беру.	**Қоршаған ортамен танысу** Тақырыбы: "Көктемгі ауа райы" Мақсаты: балаларды көктемгі ауа райын бақылауға үйрету және бақылау дағдыларын жетілдіру; табиғаттағы маусымдық өзгерістерге зейін аударе отырып, табиғат объектілері туралы білімдерін кеңейту; бақылау нәтижелерін табиғат күнтізбесіне белгілеуге үйрету; көктемгі ағаштар туралы түсінік беру. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер арқылы балалардың зейіні мен есте сақтауын, дүниетанымы мен ойлауын, тілін дамыту.
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Талшыбықтай майысып" Мақсаты: балаларды бір жағы 20-30 см биік еңіс тақтайдың үстімен жүруге жаттықтыру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіруге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын нысықтау. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; бір жағы 20-30 см биік еңіс тақтайдың үстімен жүру іскерліктерін нысықтау.		**Жаратылыстану** Тақырыбы: "Ағаштар мен бұталар" Мақсаты: балаларға ағаштар мен бұталар туралы түсінік бере отырып, табиғаттың жаңды құбылыстарының ерекшеліктерімен таныстыру; балабақша аумағындағы ағаштар мен бұталарды ажыратып, оларды атай білу қабілетін қалыптастыру; көктемгі ағаштар туралы ұғым беру.	**Музыка** Тақырыбы: "Тап ағаш" Мақсаты: балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдауға және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауға үйрету; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын қалыптастыру; қимыл қарқынын өзгерте отырып қимылдау, бір-бірлеп, жұптаса отырып би қимылдарын орындауға үйрету; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу және таныс би қимылдарын қайталай білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.	
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Талшықтай талшыбық" Мақсаты: балаларды бір жағы 20-30 см биік еңіс тақтайдың үстімен жүруге жаттықтыру; тұрған заттың басына тию арқылы жоғары секіруге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын жетілдіре отырып, оқу қызметін нысықтау.		**Құрастыру** Тақырыбы: "Бақа" Мақсаты: балаларды қағазды тең екіге бүктемелеу әдісімен таныстыру; бақа бейнесін дөңгелек пішінді қағазды екі бүктеп, жарты шеңбер жасауға машықтандыру; бақа бейнесін қарындашпен көздерді, ауызды салу арқылы толықтыру; бақа туралы негізгі ұғымдарды қалыптастыру. Балалардың қағазбен жұмыс жасау мүмкіндіктерін жетілдіру; үлгіні тұтас қабылдауға бейімдеу; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін және байқағыштығын дамыту.	**Музыка** Тақырыбы: "Қоңыраулар сыңғыры" Мақсаты: балаларды түрлі қарқындағы музыканы тыңдау және музыкалық шығарманы эмоциямен қабылдауын дамыту; дыбыстарды биіктігіне қарай ажырату және әуеннің басталуы мен аяқталуына мән беру дағдыларын жетілдіру; музыкалық ойындағы кейіпкердің қимыл-әрекетін мазмұнды бере білу және таныс би қимылдарын қайталай білу қабілеттерін қалыптастыру; қол саусақтарының қимылын тез ауыстыра білу дағдысына үйрету.	

Scanned with CamScanner

Вариативті компонент	-	-	-	**Вариативті компонент/Шығармашылық** Тақырыбы: "Үш аюдың шеберлері" Мақсаты: заттардың өлшем қасиеттеріне сүйеніп, үлкеннен кішкентайға қарай бір бағытта қатар орналастыруға үйрету; кескіндердің шеттерін желімдеу техникасын жетілдіру; ойлау, танымдық қызығушылықтар қабілеттерін арттыру, зейінді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Балалардың адам мен табиғат тіршілігінде болып жатқан өзгерістерге деген зеректігін, байқағыштығын қалыптастыру; еңбекқорлыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	-
Бір шаңырақ астында/ Под небом единым /Under the one sky (4-апта)					
Мақсаты: балаларға Қазақстан халықтарының достығы жайында білімдерін толықтыру; ойын мен ертегілер мысалында ұйымшылдыққа, достыққа тәрбиелеу.					
Оқу қызметінің түрі, тақырыбы, мақсаты.	**Дене шынықтыру** Тақырыбы: "Достық шеңберінде" Мақсаты: балаларды салта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен аракашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіруге үйрету; қапшыны басына қойып, тіке жүруге жаттықтыру; салтан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын қалыптастыру. Балаларды салта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен аракашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін дамыту; құрсауға секіруге және құрсаудан секіруге үйрету; қапшыны басына қойып, тіке жүруге жаттықтыру; салтан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту.	**Сөйлеуді дамыту** Тақырыбы: "Достық шеңбері ойындар тізбегі" Мақсаты: балаларға сөздік ойындар мен жаттығулар барысында достық туралы ұғымдар қалыптастыру, әдептілік ережелерімен таныстыруды жалғастыру. Балалардың байланыстыра сөйлеу дағдыларын қалыптастыру, тілін, ақыл-ойын, есту, есте сақтау қабілеттерін, жағымды эмоцияларын дамыту. Балаларды ойындарда адамгершілік қасиеттерге, татулыққа, достыққа тәрбиелеу, нәтижелі қарым-қатынастар қағидаларын қалыптастыру.	**Математика негіздері** Тақырыбы: "Өз орнымызды тауып алайық" Мақсаты: балалардың "алдында", "артында", "сол жақта", "оң жақта" сияқты кеңістікті бағдарлау ұғымын қалыптастыру; қағаз бетінде бағдарлау жөніндегі білімін тиянақтау; көпшілік жердегі, қоғамдық орындардағы әдеп ережелері туралы жалпы түсінік беру. Балалардың кеңістікті бағдарлау қабілетін қалыптастыру, қағаз бетін бағдарлау іскерлігін жетілдіру; өз денесіне қатысты кеңістікті қабылдауға үйрету, сол жақ, оң жақ, алдында, артында тұрған баланы айту арқылы бағдарды ажыратуға үйрету.	**Сурет салу** Тақырыбы: "Зәулім үй" Мақсаты: баланы тіке жатқан қағаз бетінде тіктөртбұрышты үй бейнесін салуға үйрету; салынған үйдің сұлбасын қылқаламмен жақпалау арқылы терезелер қатарларын салуға машықтау; Қазақстанның қалаларында бір қабатты және көп қабатты үйлердің болатыны туралы түсініктер беру. Қылқалам арқылы екі тіке сызық салып, сызық шеттерін көлденең түзу сызықтармен қосып, тіктөртбұрышты салу техникасын жетілдіру; қылқаламды төгілмеуіште шайып, жаңадан бояумен қолдану амалдарын жаттықтыру.	-

Scanned with CamScanner

	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Үлттар достығы" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіру іскерліктерін жетілдіру; қапшыны басына қойып, тіке жүруге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын дамыту. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін қайталау.	**Көркем әдебиет** Тақырыбы: "Қазақтың туыстық атаулары" Мақсаты: балаларды қазақтың туыстық атауларымен таныстыра отырып, әр туыстық атаудың мазмұнын түсіндіру және мәнін ашу; шығарманың қазақтың ұлттық ерекшелігінен туындаганын түсіндіре отырып, шығармының мазмұнын, мұқият тыңдай білуге үйрету және жаттату; шаңырақ туралы түсінік беру.	**Жаратылыстану** Тақырыбы: "Ғажайып табигат әлемі" Мақсаты: балаларға күн бейнесін жапсыру амалдары туралы ұғымдар беру; күн дөңгелегі мен сәулелерін (жіңішке тіктөртбұрышты элементтерін) күннің тұтас бейнесі ретінде тануға үйрету; халықтар достығы туралы мағлұматтар беру. Дөңгелектің айналасына жан-жаққа бағытталған "сәулелерді" орналастыруда жазықтықты бағдарлау қабілетін, көз мөлшерін, зейінінің тұрақтылығын, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ой қабілеттерін жетілдіру.	**Музыка** Тақырыбы: "Достық шеңбері" Мақсаты: балаларды әлемдік классикалық композитор В. Моцарттың шығармасын терең түсініп, соңына дейін тыңдап, қабылдай білуге және шығарманың бөлімдерін ажырата білуге үйрету; шығарма сипатын анықтай отырып, өз әсері туралы өңімелей білу қабілеттерін қалыптастыру; хорда сөздер мен дыбыстарды таза және анық, фортепиано сүйемелдеуімен өлең айту дағдыларын жетілдіру; ойындардың ережесін сақтап ойнауға үйрету; жүрелеп отыруды мүлтіксіз орындаумен, қимылды музыкамен сәйкестендіру және музыканың екінші бөлігінде қимылды өзгертіп, өуенмен орындай білуге үйрету; қол, саусақ қимылдарын педагогтің көрсетуі бойынша қайталауға үйрету.	
	Дене шынықтыру Тақырыбы: "Достық күндей жарқырайды" Мақсаты: балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру қабілетін қалыптастыру; құрсауға секіруге және құрсаудан секіру іскерліктерін жетілдіру; қапшыны басына қойып, тіке жүруге жаттықтыру; саптан шеңберге, шеңберден сапқа ауысу дағдыларын пысықтау. Балаларды сапта бірінің артынан бірі шеңбер бойымен арақашықтықты сақтап, бағытты өзгертіп жүгіру іскерліктерін пысықтау.	**Орыс тілі** Тақырыбы: "Это мой Казахстан" Мақсаты: развивать умение слушать русскую речь, ведущуюся о Казахстане, запоминать слова, передающие понятие о Родине, учить использовать в ответах новые слова, запоминать название основных государственных символов Казахстана. Развивать умение воспринимать информацию по теме занятия на русском языке на слух, опираясь на картинки и часто повторяемые слова; развивать речь, мышление, память, умение проявлять положительные эмоции.		**Жапсыру** Тақырыбы: "Күн ойнап түр, күлімдеп" Мақсаты: балаларға күн бейнесін жапсыру амалдары туралы ұғымдар беру; күн дөңгелегі мен сәулелерін (жіңішке тіктөртбұрышты элементтерін) күннің тұтас бейнесі ретінде тануға үйрету; халықтар достығы туралы мағлұматтар беру. Дөңгелектің айналасына жан-жаққа бағытталған "сәулелерді" орналастыруда жазықтықты бағдарлау қабілетін, көз мөлшерін, зейінінің тұрақтылығын, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ой қабілеттерін жетілдіру.	
Вариативті компонент	-	-	-	-	**Вариативті компонент/Өлеумет** Тақырыбы: "Ас әзірлеу" ойыны Мақсаты: балаларға ас әзірлеу туралы түсінік беру, аспаз мамандығына қатысты әрекеттер тізбегін пысықтау, азық-түліктің пайдасы туралы мәлімет беру. Балалардың "Ас әзірлеу" ойынында аспаз еңбегіне қатысты әрекеттерді игеруін қамтамасыз ету, қарым-қатынастар барысында өз орнын тауып, ойын желісін ұстану іскерлігін жетілдіру, қолдың ұсақ моторикасын, ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларды төзімділікке, ұқыптылыққа тәрбилеу, еңбекке баулу.

Scanned with CamScanner